**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ**

**МИНИСТЕРСТВО ЭНЕРГЕТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

51 № 2024 жылғы 6 ақпан

Астана қаласы

город Астана

**«Электр қуаттарын орналастырудың 2035 жылға дейінгі перспективалық схемасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 247 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65- бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 247 «Электр қуаттарын орналастырудың 2035 жылға дейінгі перспективалық схемасын бекіту туралы» бұйрығына келесі өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген электр қуаттарын орналастырудың 2035 жылға дейінгі перспективалық схемасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасын дамыту департаментіне:

1) осы бұйрықты облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктерінің және тиісті энергетикалық кәсіпорындардың назарына жеткізсін;

2) осы бұйрық бекітілген күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Министрдің міндетін атқарушы** **А. Сәтқалиев**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі» мемлекеттік мекемесі БСН 140940023346 ҚАЗАҚСТАН

057335

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2024 жылғы «6» ақпан
№51 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2023 жылғы «30» маусымдағы
бұйрығымен бекітілген

**Электр қуаттарын орналастырудың 2035 жылға дейінгі перспективалық схемасы**

